

Кәсіптер (мамандықтар) тізбесі мен азаматтарды кәсіби даярлау, біліктілігін арттыру және қайта даярлауға шығын мөлшерін бекіту туралы

Ақтау қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 1377 қаулысы. Ақтау қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 28 қаңтарда № 11-1-124 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы», 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 қарашадағы № 1114 «Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту жүйесін жетілдіру жөніндегі 2008 - 2010 жылдарға арналған іс - шаралар жоспарын бекіту туралы» қаулысын жүзеге асыру мақсатында, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2010 жылға арналған кәсіптер (мамандықтар) тізбесі мен азаматтарды кәсіби даярлау, біліктілігін арттыру және қайта даярлауға шығын мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т. Хитуовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

С. Бекбергенов

Ақтау

қаласы

әкімдігінің

2009

жылғы

29

желтоқсандағы

№ 1377 қаулысына қосымша

2010 жылға арналған кәсіптер (мамандықтар) тізбесі мен азаматтарды кәсіби даярлау, біліктілігін арттыру және қайта даярлауға шығын мөлшері.

№	Мамандықтар атауы	Оқытылатындардың саны	соның ішінде ауылдық жерлерден	Оқу мерзімі (ай)	Орташа оқу ақысы (1 ай) теңге	Оқудың барлық құны, мың теңге	Бір күнге жол құны, теңге	Жолдың жалпы құны, мың теңге	Медициналық куәландыру төлемі, теңге	Медициналық куәландырудың	Оқытуға төленетін балық
---	-------------------	-----------------------	--------------------------------	------------------	-------------------------------	-------------------------------	---------------------------	------------------------------	--------------------------------------	---------------------------	-------------------------

										жал-пы тө- ле- мі, мың тен-ге	ғын, мың т - ге
1	Электр монтері	20	3	2	10500	420	70	9,2	3000	60	489,2
2	Электр газ- бендәне- керлеуші	20	3	2	10500	420	70	9,2	3000	60	489,2
3	Аспазшы- кондитер	25	4	1,5	10800	405	70	9,2	3000	75	489,2
4	Хатшы-ре- ферент	30	3	1	8000	240	70	4,6			244,6
5	Метал құрастыр- маларын монтаждау - шы	15	3	1	16000	240	60	4,0	3000	45	289,0
6	Бухгалтер (1С бағдарла- масы)	30	3	2	8000	480	70	9,3			489,3
7	ЭЕМ операторы	15	2	1	8000	120	70	3,1			123,1
8	Жүк ілдіруші	15	2	1	16000	240	70	3,1	3000	45	288,1
9	Шаштараз	20		1,5	15400	462					462,0
10	Монтаждау- шы	16	2	1	17125	274	70	3,1	3000	48	325,1
11	Тігінші	14	2	1	14000	196	70	3,1			199,1
	Барлығы	220	24			3497		57,9		333	3888
Ескерту: Жол ақысы тек ауылда тұратын жұмыссыздар үшін қарастырылған											

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК